

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 172-175.

ӘОЖ 82-1-9

СӘКЕН ЖҮНІСОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

*Суралина С. Б., 2 курс студенті
Сүлеймен Т.Р., 1 курс студенті*

*С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Адамның тілдік болмысын түсінуге, зерделеуге жетелейтін лингвистикалық категория ретіндегі тілдік тұлға құбылысы жаңа білім парадигмасының мазмұнын айқындаушы маңызды ғылыми ұғымға айналуда. Қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағыты басты назарды сол шығарманы жазушының танымдық болмысына аударады және тілді соның нәтижесі, көрінісі деп қарайды. Тілдік тұлға дегеніміз – ұлттық тіл ортасында ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған индивид. Тілдік тұлға теориясы негізінде әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы автор бейнесінің рөлі мен тілдік қабілетін тануға болады. Осы тұрғыда В.А. Маслованың тілдік тұлға [1] жөнінде пікірін басшылыққа алдық. «Тыңдаушысын сөзімен ұйыта алған, таным көкжиегі кең, рухани-мәдени өресі биік, өз дискурсын қалыптастыруда шеберлік үлгісін таныта алған «тіл тұтынушысын» ғана тілдік тұлға дәрежесінде қабылдауға болады» [2], - деген пікірге сүйенсек, қазақ әдебиетінің қос тізгіні проза мен драматургияны қатар ұстаған дарынды қаламгер С. Жүнісов кейіпкерлерін сол кездегі дәуір тілімен сөйлетіп, қоршаған дүниені сол кездің санасына сай бере білген.

Тіл өрнегін салу мен ұлттық дүниетанымды тарихи кезеңдік тұрғыдан берудің үлгісін жасаған С. Жүнісовтің сөз қолданысын қоғамдағы ойды таныту құралы, әлеуметтік таңба ретінде қарастырып, жазушы тілін тілдік тұлға деңгейінде қарастырамыз.

Ғ. Қалиев «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: «*Дискурс* (франц. *Discours*, сөз, сөйлеу) – прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, психологиялық т.б. экстралингвистикалық факторлармен, шындық өмір уақиғасымен байланысты нақты мәтін» деген анықтама береді. Яғни автордың «таным әлемін» есепке ала отырып, дискурсты *мәтін* ұғымымен парапар деп түсінгеніміз дұрыс.

Тілде қалыптасқан дүние туралы көзқарас нақты тілдік қауымдастықтың ұлттық-мәдени тәжірибесімен ұштасады. Белгілі бір тілде сөйлеушілердің дүниесі оның ұлттық салт-дәстүрі мен сөз әдебінде, наным-

сенімінде, діни ұғымында көрініс тапқан – әлем жайлы мағлұматтар жиынтығы – әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады. С. Жүнісов прозалық шығармаларындағы лингвомәденитанымдық бірліктерді *а) ұлттық салт-дәстүр лингвомәдени бірліктері; ә) ұлттық мінез лингвомәдени бірліктері; б) наным-сенім, ырым лингвомәдени бірліктері; в) діни ұғым лингвомәдени бірліктері* деп топтастырды.

Жазушы тіліндегі сөз қолданыстары – образдар *әлемнің (шындық болмыс) тілдік бейнесін* жасауға негіз болатын тілдік бірліктер. Ұлттық дүниетанымды тарихи кезеңдік тұрғыдан берудің үлгісін С. Жүнісов прозасынан байқаймыз. Қай шығармасын жазса да, жазушы қазақ тілінің ұлттық бояуын ұлттық болмыстан туындатады.

С.Жүнісов прозасындағы дүниетанымдық сөздерді халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты туындаған ұлттық танымдық лингвомәдени топтарына жатқызып, *ұлттық салт-дәстүр лингвомәдени бірліктері* деп атадық. Өйткені ұлт өмір сүріп өткен даму үрдісі бойынша қалыптасқан сөздердің көпшілігі ұлт дүниетанымындағы адам санасында берік орын алған салт-дәстүрге байланысты сөздік қорымызға енгені белгілі.

Қаламгер шығармаларында ұлттық салт-дәстүрлер кеңінен көрініс береді. Мысалы, Соңғы ұзақ жылдар бойы осы қараша ауылда бір-ақ үйде нәресте пайда болып, бір-ақ үйде бес-алты әйелдің басын қосқан *шілдехана* өтті. Сол шілдеханадан ала қайтқан *сарқыт* (4, 5-б.).

Шілдехана шілделік, шілде күзет – өмірге келген нәрестенің құрметіне жасалатын той.

Сарқыт – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан салттардың бірі, ырым. Тойдан, айт мейрамынан ырымдап кәмпит, құрт сияқты дәмнен алып, үлкен кісілер (негізінен әйелдер) үйдегі балалары мен келіндеріне әкеліп ауыз тигізеді. Яғни жазушы осындай қазақ қоғамына тән салт-дәстүрлердің озық үлгілерін шығармаларында қолдана отырып, ұлттық танымға тән ұғымдарды сипаттайды.

С.Жүнісов қолданған дәстүрлі дүниетанымдық лексика, мәдени лексика элементтері тіл мен ұлттың бірлігін көрсетеді, ұлт тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады, кейінгі ұрпақтың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, этномәдени тіршілікті тануы үшін, өткен өмірді көз алдына келтірудегі құнды тілдік фактілер ретінде ақпараттық мәліметтер береді.

С.Жүнісов ұлттық дүниетанымның тілдік негізінде түр-түс атауларын, әсіресе, *ақ және қара* түстерді шебер қолданған. *Ақ түстен қара түс бұрын көзге түскіш, өйткені өмірде ақ көп те, қара аз. Сол сияқты ақ ниеттен, адал пизылдан гөрі, біреудің қара ниеті, арам пизылы тез көрінеді. Бірақ ниет, пизыл бетке жаққан күйе емес, іштегі жасырын дүние. Оны көру бар да, көзді жеткізе білу бар. Көзің жетпей тұрып көрдім десең, жаңылғаның, шын адалды арамға шығарсаң, кешпес күнә арқалағаның...* [3].

Ақ, қара сөздерінің түр-түс емес мағыналары тек белгілі контексте, сөз тіркестерінде ғана ашылып, айқындала түсетіндіктен, осы үзіндіні тұтасымен келтіріп отырмыз. Жалпы *ақ* ұғымы *қара* ұғымына қарама-қайшы бірлікте қарастырылады. Бұл қарама-қайшылық тереңде жатқан бүкіл адамзатқа ортақ

дүниетанымдық жалпы халықтық таным тұрғысынан бейнелеп айтқанда *қара* «қасиетті», «туған» деген мағыналарға ие.

Мысалы: *...Қар суы сіңген кәрі төмпешіктер шуаққа бусанып, әр жерінен сыздықтап дем шығады. Мәңгі бұқтырып қойған алып қара қазанға ұқсайды* [4].

Материалдық дүние бола тұра, *қара қазанның* символикалық мәні де зор. Мысалдағы *қара қазан* тіркесінің құрамындағы *қара* сөзі оған қасиетті мағынасын беріп, мәнін тілдік тұрғыда айғақтап тұрғандай. Қара қазанның қасиеттілігі оның береке мен байлық, бейбіт өмірдің символдық белгісі екендігімен түсіндіріледі [5].

Түрлі-түсті дүниемізді өз бояу-нақышымен, әр қырынан жарқырата, мың құбылытып көрсете білген жазушының өзіндік сөз саптау шеберлігін *сары* түсі атауының қолданысынан байқаймыз. Мысалы:

Былтыр Жәлел суыққа ұшып өлгенде, мен енді ұзақ жасамаспын, сары уайыммен баламның соңынан мен де аяңдайтын шығармын деп ойлап ем (С.Ж., 38-б.). *Ақ десең түкірік жерге түспейтін бет жалаған қызыл шұнақ сары аяз бен екі үйдің арасы көрінбес алай-түлей түтеген ақ боран осы өлкенің еншісі* [4].

Бұл мәнмәтіндердегі *сары уайым*, *сары аяз* тіркестеріндегі *сары* сөзінің мағынасы Ә. Қайдаров, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбековтердің «Түр-түстердің тілдегі көрінісінде» былайша түсіндіріледі: «Сары – кең дүние, жалпақ дала, табиғи, физиологиялық кейбір құбылыстың ұзаққа созылуын, заттың ұзын, созылыңқылығын сипаттайды» [5]. Бұл түстің ұзақ, ұзаққа созылу мағыналары даланың сары түсімен ассоциацияланады [6]. Даланың сары түсі ұзақтық ұғымымен салыстырылады. Осы жайында ғалым Н. Уәлиұлы мындай дерек береді: «Сары түсінің мағыналық құрылымында «түр-түстен» басқа «ұзақ», «ұзаққа созылған», «ұлан-ғайыр» дегенді білдіретін семантикалық элементтер бар» [7].

Қазақтың киім-кешегі – оның дүниетанымының көрінісі, тұрмыс-салтының айнасы. С.Жүнісов қолданысында символдық мәнге ие *ақ жаулық*, *шапан*, *сәукеле* сияқты киім атаулары кездеседі.

«Заманай мен Аманай» повесіндегі екі жаққа шекара болып тұратын мұз құрсаңған Сәукеле де символдық мәнге ие. *Сәукеле* – қазақ қыздары ұзату тойында киетін оқалаған сәнді, әшекейлі бас киім [8]. Ал С.Жүнісов танымында: *Сәукеле* – *биік шың. Суық түспен состиып, үнемі қалғымайтын сұсты сақшыдай, жан-жағынан көз алмайды екен...Бар зұлымдық осы маңда қалсын, бұл араға жан аяғын баспасын, жамандықтан тәлім алмасын, мұз құрсаңған Сәукеле* екі жаққа шекара болсын деп тілесе керек. *Ал Сәукеленің* арғы бетіне *ассаң, шіркі-ін, күн де жадыраңқы, жер де жсайдары...* [9].

Қаламгер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, қоғам психологиясына сай теңеулерді жасауда *самұрық*, *аққу*, *қыран* сияқты құстар символикасын қолдана отырып, өз ойын ашық айтуды мақсат етеді. С.Жүнісов «Ақан сері» романында Ақанның қыздарын әр түрлі құстарға теңеп сипаттайды:

Маңындағыларға көзінің қиығымен ғана маңғаздана қарап, қақ-соқта жұмысы болмай сабырлы отырған толықша, мол кеуделі, бұлғақты қараторы қыз барылдауық қоңыр үйрек сияқты; келгелі сыбдыр шықса елеңдеп, жан-жағына жылтыр, өткір көзімен алақтаған қара камзолды, ақ көйлегінің кестелі жағасына үлкен тана таққан қыз сұңғуір қасқалдақтай; бозбалалар қалжыңдап бір сөз айтса жаратпай, ытырылған, киімі де, өңі де сұп-сұр, түсі суық көк көз қыз сұқсыр үйректтей; жаңа ғана той-думанға араласып, өздерінше шашын жылмита тарап бой түзей бастаған, әлі ешкімге елеусіз, лақтың асығындай жүдеубас шарқы қыздар бір-ақ уыс еті бар шүрегейлер секілді, олардан да жастау, кірпігін жиі қағып қонақтарға тосырқай қарап босаға жақта томпия қалған сап-сары уыздай екі егіз қыз әлі қанаттанбаған қаздың сары балапандарындай. Ал Ақтоқты болса солардың ортасында мойнын иіп тастап балдыр сүзген, ерке, сұлу аққудың көгілдіріндей [9]. С.Жүнісов осы дәстүрді ұстанып, кейіпкерінің сұлулығын жүрекке жылы тиіп, көңілін өсіретіндей ақ бояумен өрнектелген жанды бейнесін оқырманның көз алдына елестете алған.

Қорытындылай келе, қаламгер ұлттық кодымызды сақтай отырып мәдениетіміздің тілдік сипатын көрсетеді. С.Жүнісов прозалық шығармаларындағы лингвомәденитанымдық бірліктер анықталды.

Жазушы дискурсты ұлттық құндылықтарға құрылған әлемнің тілдік бейнесімен ерекшеленеді. Тілдің көркемдік-әдеби тәсілдері автордың дүниеге деген көзқарасын бейнелеп, ұлтымызға тән ойлау үрдісінің негізгі ерекшеліктерінен хабар береді. Оның сөз қолданыстары – әлемнің (шындық болмыс) тілдік бейнесін жасауға негіз болатын тілдік мәдени бірліктер.

*Ғылыми жетекшілері Ерсаинова А. Б., гуманитарық ғылымдарының
магистрі,
Раманкулова А.С., педагогика ғылымдарының
магистрі*

Әдебиеттер тізімі

- 1 Маслова, В.А. (2007). *Лингвокультурология*. М., 208.
- 2 Мұратова, Г.Ә. (2009). Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол.ғыл. докт. дисс. ... авторефераты. Алматы, 50.
- 3 Қалиев, Ғ. (2005). Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 440.
- 4 Жүнісов, С. (2005). *Жапандағы жалғыз үй*. Алматы: Атамұра, 479.
- 5 Ислам, А. (2004). Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол.ғыл. докт. дисс. ... авторефераты. Алматы, 50.
- 6 Қайдаров, Ә., Ахтамбердиева, З., Өмірбеков, Б. (1992). *Түр-түстердің тілдегі көрінісі*. Алматы, 160.
- 7 Зайсанбаева, Г.Н. (2004). Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі «біріккен зат атаулары негізінде». Филол. ғыл. канд.дисс. ... авторефераты. Алматы, 26.

- 8 Уәлиұлы, Н. (2000). Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы. *ҚР БЖҒМ, ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы*, 2, 61.
- 9 Жанұзақов, Т. (2008). *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*. Алматы, 968.